

KASE АПТАЛЫҒЫ

05 – 09 маусым
2023

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- NGDEM Global Limited жеке компаниясы KASE мүшелігіне "қор" және "деривативтер" санаттары бойынша [қабылданды](#).
- "АКФ Сапа-Аудит" ЖШС компанияның бастамасы бойынша KASE мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізімінен [шығарылды](#).
- KASE ресми тізіміне "Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ үш [облигациялар](#) шығарылымы және "КМФ (ҚМФ)" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00009772](#) (МФКМб3) облигациялары енгізілді.
- Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00008001](#) (KFUSb35) облигациялары, "Нұрбанк" АҚ [KZ2C00002012](#) (NRBNb10) облигациялары, "First Heartland jusan Bank" АҚ [KZ2C00002053](#) (TSBNb15) және [KZ2C00002103](#) (TSBNb20) облигациялары алынып тасталды.
- KASE ресми тізімінен мерзімінен бұрын өтеуге байланысты Қостанай облысы әкімдігінің [KZMJ00001048](#) (KSK024_104) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "ОнлайнҚазқаржы МҚҰ" ЖШС [KZ2C00009769](#) (MFOKb11) әлеуметтік облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де рубльдің теңгеге бағамына бір айлық фьючерстермен (RU_7.23) сауда-саттық [ашылды](#)
- KASE-де "ЛОГИКОМ" АҚ [KZ2C00008886](#) (LOGCb4) облигацияларымен сауда-саттық тоқтатылды.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE 60,1 млн MEУКАМ-168 бесінші шығарылымын ([KZKD00001111](#), MUM168_0005), 121,1 млн MEУКАМ-108 14-ші шығарылымын ([KZKD00001236](#), MUM108_0014), 89,3 млн MEУКАМ-96 13-ші шығарылымын ([KZKD00001202](#), MUM096_0013), 43,0 млн MEУКАМ-84 18-ші шығарылымын ([KZKD00001137](#), MUM084_0018), 16,7 млн MEОКАМ-60 52-ші шығарылымын ([KZK200000679](#), MOM060_0052) және 338,5 млн MEККАМ-12 154-ші шығарылымын ([KZK100000290](#), MKM012_0154) орналастырды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де өзінің KZ2C00008738 (KFUSb43) облигацияларын орналастыру арқылы 4,9 млрд теңге [тартты](#)
- "Қазақстандық Тұрғын үй Компаниясы" АҚ KASE-де өзінің KZ2C00007086 (KZIKb32) облигацияларын орналастыру арқылы 39,3 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақтелеком" АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қызметінің қорытындысын [хабарлады](#).
- "Жайықмұнай" ЖШС Nostrum OIL & Gas PLC Лондон қор биржасында акциялар листингін қалпына келтіруге өтініш бергені туралы [хабарлады](#).
- "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ 2022 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "ForteBank" АҚ 2022 жылға KZ000A0F4546 (ASBN) жай акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ бейрезиденттер үшін резервуарларда мұнайды сақтауға арналған тарифтің бекітілгені туралы [хабарлайды](#).



09.06.2023


KASE Индексі	3 545,02	Трендтер (%)	
		1,1	-1,7
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Tesla, Inc.	249,44	23,5	45,0
АО "ҚазТрансОйл"	846,79	15,2	11,4
Bank of America Corporation	28,96	3,2	4,3
Pfizer Inc.	39,35	3,0	2,2
АО "Қазақтелеком"	31 196,99	2,6	0,9
Advanced Micro Devices, Inc.	123,00	2,5	41,5
AT&T Inc.	16,16	2,5	- 10,4
АО "НАК "Қазатомпром""	13 055,65	1,9	- 1,5
АО Kасpi.kz	37 179,95	1,3	- 1,2
Ford Motor Company	14,10	0,9	4,4
АО "ForteBank"	3,96	0,3	- 8,8
АО "НК "ҚазМунайГаз"	10 020,00	0,2	- 0,8
АО "Банк ЦентрКредит"	561,00	0,1	8,9
Freedom Holding Corp.	79,51	0,1	7,2
АО "БАСТ"	7 750,00	0,0	- 3,1
АО "Кселл"	1 888,88	- 0,0	- 1,7
АО "KM GOLD"	145,89	- 0,1	- 2,2
Intel Corporation	31,50	- 0,1	-
АО "КЕГОС"	1 573,03	- 0,3	- 3,3
Apple Inc.	179,50	- 0,3	3,2
АО "Народный банк Казахстана"	148,98	- 0,4	- 6,7
АО "Банк ЦентрКредит"	676,99	- 0,7	- 1,2
PayPal Holdings Inc.	64,00	- 1,5	- 12,0

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексінің мәні 1,1 %-ға 3 545 тармақ деңгейіне дейін өсті. KASE Индексінің өкілеттік тізіміндегі акциялардың көпшілігі жасыл аймақта жабылды. Аптаның қорытындысы бойынша ең үлкен өсімді "ҚазТрансОйл" компаниясының – 15,2 %-ға, "Қазақтелеком" – 2,6 %-ға және "Қазатомөнеркәсіп" – 1,9 %-ға өскен акциялары көрсетті.

Естеріңізге сала кетейік, "Қазатомөнеркәсіп" акционерлері 200 млрд теңге мөлшерінде 2022 жылға дивидендтер төлеуді бекітті, ал "ҚазТрансОйл" магистральдық құбырлар арқылы экспорттық мұнайды айдау бойынша тарифті 14,9 %-ға арттырды.

"Қазақтелеком" 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы қызметінің қорытындысын хабарлады: 1 тоқсанның қорытындысы бойынша компаниялар тобының таза пайдасы 33,3 млрд теңгені құрады және 2022 жылдың 1 тоқсанына қарағанда 14 %-ға өсті.

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясының акционерлері дивидендтік саясат пен аудиттелген қаржылық көрсеткіштер негізінде бір жай акцияға 2022 жылғы дивиденд мөлшерін 491,71 теңге сомасында бекітті. Осылайша, дивидендтер сомасы шамамен 300 млрд теңгені құрайды. Акциялар жарияланған күннен бастап жарты жыл ішінде олардың құны 19,2 %-ға өсті.

Бағалы қағаздары KASE ресми тізімінде тұрған компаниялардың жылдық аудиторлық есептерін жариялау маусымы жалғасуда. "Қазхром", "Бенкала" тау-кен компаниясы, "Bank RBK", "Нұрбанк", "Матен Петролеум", "Каспий нефть", "Майжубен-Вест", "Баян Сұлу", "Қожан" АҚ және басқа да ұйымдар өздерінің қаржылық есеп берушіліктерінің жарияланғаны туралы хабарлады. Есепке сәйкес, "Қазхром" таза табысы бір жылда 11,8 %-ға 486 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Өткен аптада KASE-де борыштық нарықта "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" 30 жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 39,3 млн теңге тартты.

"Қазақстандық орнықтылық қоры" өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 15,49 %-бен және айналыс мерзімі бір жыл болатын 4,9 млрд теңге сомасына облигациялардың бір шығарылымын орналастырды.

9 маусымнан бастап негізгі алаңның "коммерциялық облигациялар" санаты бойынша KASE ресми тізіміне 10 млрд теңге сомасына "КМФ (ҚМФ)" микроқаржы ұйымының жылдық облигациялары енгізілді. Аталған облигациялармен сауда-саттықтың ашылғаны туралы қосымша хабарланатын болады.

Бүгін KASE-де "ОнлайнҚазҚаржы" микроқаржы ұйымының жылдық 21 % купонымен жалпы сомасы 4,5 млрд теңгеге жылдық облигацияларының үш шығарылымымен сауда-саттық ашылады.

Келесі компаниялар өздерінің облигациялары бойынша купондық сыйақы төленгені туралы хабарлады: "Қазақстандық орнықтылық қоры", "Қазақстанның Даму Банкі", "Банк ЦентрКредит", "ForteBank", "ТСП Групп" және басқалар.

Облигациялары KASE ресми тізімінде тұрған келесі компаниялар өткен жылы өздерінің аудиторлық есептерін жариялады: "Азық-түліктік келісімшарт корпорациясы", "МеталлИнвестАтырау", "Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан", "ОнлайнҚазҚаржы", "Сейф-Ломбард" және "Birinshi Lombard" микроқаржы ұйымдары.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында өткен аптада Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 9 айдан 12 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және өтеуге кірістілігі жылдық 12-14,8 %-бен жалпы сомасы 343,4 млрд теңгеге қазынашылық міндеттемелердің алты шығарылымын орналастырды.


Халықаралық жаңалықтардан Америка экономикасы бойынша жағымсыз деректер шықты: ISM-ден өндірістік емес салаға арналған жабдықтау менеджерлерінің индексі болжамнан және алдыңғы мәнден нашар, 50 тармақ бейтарап деңгейінен сәл жоғары болды. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға өтініш білдірген американдықтардың саны 233-тен 261 мың адамға дейін өсті – бұл 2021 жылдан бергі ең жоғары деңгей. Алайда, бұл статистика қор нарықтарына айтарлықтай теріс әсер еткен жоқ, өйткені қатысушылар осы статистика негізінде ақша-несие саясатын қатаңдату циклын тоқтатады деп күтеді. Сәрсенбіде ФРЖ отырысы өтеді, онда реттеуші пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім қабылдайды. Консенсус болжамына сәйкес, ықтималдығы 70 %-дан асатын мөлшерлеме сол деңгейде сақталады. Қызықты факт – S&P 500 индексінің өткен жылдың қазан айынан бастап 20 %-ға өсуі, бұл "аю" нарығының аяқталуын білдіреді.



KASE ақша нарығында айдың бірінші онкүндігі үшін күтілетін TONIA бір күндік репосының тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме дәлізінің төменгі шекарасына жақындай отырып, жылдық 15,76 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі салықтан кейінгі кезеңде төмендеуді жалғастырды, бір апта ішінде жылдық 15,95 %-дан 13,62 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Репо-1д Своп-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 9 маусымда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,5%-ға (447,90 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 445,62 теңгені құрады.

2023 жылғы 2-9 маусым аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Мысалы, АҚШ еңбек министрлігінің деректеріне сәйкес, өткен аптада жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген бастапқы өтініштер саны 2021 жылғы қазаннан бастап ең жоғары деңгейді жаңартып, 236 мың нарықтық болжам кезінде 261 мыңға өсті. ҚХР-дағы инфляция мамырда ж/ж 0,2% болып, болжамға сәйкес келді.

Жоғарыда аталған факторлар дамушы нарықтарда валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасын көрсетті. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- Оңтүстік Африка ранды геосаяси шиеленістің әлсіреуі мен электр қуатын ажыратудың мейілінше төмен деңгейі аясында 3,9%-ға (19,53-тен 18,76-ға дейін) нығайды;
- Бразилия реалы АҚШ ФРЖ-ның мөлшерлемелерді арттыру циклін аяқтауға жақындап қалғанын күту аясында 1,6%-ға (4,96-дан 4,88-ге дейін) нығайды;
- Мексика песосы инфляцияның мамырда ж/ж 5,84%-ға дейін төмендеуі және өнеркәсіптік өндіріс бойынша күткеннен де төмен деректердің шығуы (сәуірде 1,3% бағалау кезінде ж/ж 0,7%) аясында 1,6%-ға (17,56-дан 17,28-ге дейін) нығайды;
- Индонезия рупиясы инфляцияның нысаналы ауқымының жоғарғы шегіне жетуі (мамырда ж/ж 4%) аясында 1%-ға (14994-тен 14840-қа дейін) нығайды;
- үнді рупиясы 0,2%-ға (82,31-ден 82,46-ға дейін) аздап әлсіреді. Орталық банк негізгі мөлшерлемені 6,5% деңгейінде қалдырды;
- Ресей рублі экспорттық түсім көлемінің төмендеуі аясында 1,4%-ға (81,5-тен 82,64-ке дейін) әлсіреді;
- түрік лирасы қаржы министрлігінің орталық банкке валюта нарығындағы интервенцияларды төмендету қажеттілігіне қатысты өтініш жасауы аясында 11,9%-ға (20,93-тен 23,42-ге дейін) әлсіреді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	558,72	-0,46	-1,27	-0,43
— USDKZT	445,62	-0,51	-0,10	-3,85
— EURKZT	479,40	-0,57	-2,81	-3,18
— CNYKZT	62,49	-1,53	-3,20	-6,50
— RUBKZT	5,40	-2,53	-6,55	-15,71

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 298,86	0,4	3,9	7,0	1,4
Dow Jones	33 876,78	0,3	1,0	5,0	1,1
PTC	1 032,29	-1,8	-1,9	-14,9	-1,5
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-1,5
Hang Seng	19 389,95	2,3	-1,9	-11,3	2,5
SS CSI 300	3 836,70	-0,7	-4,0	-8,1	-0,7
Euro Stoxx 50	4 289,79	-0,8	-0,4	15,2	-1,0
FTSEuroFirst	4 839,50	-0,6	-0,7	7,8	-0,5
FTSE 100	7 562,36	-0,6	-2,3	1,2	-0,7
KASE	3 545,02	1,1	-1,7	32,5	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	74,79	-1,8	-2,1	-39,2
Мұнай (WTI)	70,17	-2,2	-3,3	-42,3
Табиғи газ	2,25	3,8	2,9	-74,9
Мыс	378,90	1,6	-1,0	-13,5
Темір	843,50	3,1	0,2	-15,0
Алтын	1 961,19	0,7	-3,3	6,1
Күміс	24,41	2,8	-4,1	11,9
Астық	630,25	1,8	0,3	-41,2

09.06.2023

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
13.06 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (мамыр)</u>	USD	4,1%	4,9%
14.06 <u>Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (мамыр)</u>	USD	-0,1%	0,2%
14.06 <u>ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім</u>	USD	5,25%	5,25%
15.06 <u>Өнеркәсіптік өндіріс көлемі (ж/ж) (мамыр)</u>	CNY	3,8%	5,6%
15.06 <u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (маусым)</u>	EUR	4,00%	3,75%
15.06 <u>Бөлшек сауда көлемі (а/а) (мамыр)</u>	USD	-0,1%	0,4%
16.06 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (мамыр)</u>	EUR	6,1%	7,0%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	15,9%	01.06.23	16,8%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	35,5	01.06.23	37,6
Ақша базасы, млрд KZT	9 654,0	01.06.23	9 854,4
Ақша масса, млрд KZT	33 644,4	01.05.23	33 902,1

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 әлсіз	03.03.23	BBB-/A-3 негативті
	Вaa2/әлсіз	11.08.21	Вaa3/позитивті
	BBB/әлсіз	26.05.23	BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.